

Н.С. Қамарова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан
(E-mail: nagbdu@mail.ru)

Фариза Оңғарсынованың суреткерлік даралығы*

Аңдатпа. Мақалада «қазақ поэзиясының падишасы» атанған Фариза Оңғарсынованың жыр әлемі ғылыми тұрғыда талданады. Фариза өлеңдеріндегі ұлттық идея, ұлттық ойлау сөз болады. Ақын өлеңдеріндегі ұлттық идеяның астарын айқындау мақсатында оның Маңғыстау туралы, сондай-ақ адам мен табиғат үндестігін және Дала, Қыр, тағы басқа да тақырыптарды жырлаған туындылары қарастырылады. Ақын поэзиясына объективті тұрғыда баға беріліп, ақын шығармашылығындағы пейзаж, дала бейнесінің көрінісі ашылады. Ақынның өзіне тән дара қолтаңбасын пайымдау оның шығармашылық болмысын саралаудың бір арнасы болып табылады. Фариза Оңғарсынованың қаламгерлік ерекшелігін барлау арқылы ақындық шеберлігі байыпталады. Ақынның суреткерлік даралығы, идеялық-тақырыптық нысанасы, ұлттық көркемдік дәстүрге қосқан үлесі, шығармаларының қазіргі қазақ поэзиясында алатын тиісті орны мен бейнелілік сипаты зерделенеді.

Түйін сөздер: Фариза Оңғарсынова, поэзия, лирика, құбылту түрлері, бейне, ұлттық идея, ұлттық образ.

DOI: [10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-103-113](https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-136-3-103-113)

Кіріспе

Ұлттық әдебиетімізде дәстүрді жаңа мазмұн, терең ой, тың бейнелермен байытқан Фариза Оңғарсынованың поэзиясы туралы жазбаған, ой толғамаған, пікір айтпаған ақын-жазушы, әдебиеттанушы жоқтың қасы. Сонау ұлылар мен алыптардан бастап бүгінгі оқушыға дейін үлкен ықыласпен ой айта алды. Ақынның шығармашылығының зерттелу аясын кеңейте түскен мақалалар, ойлардың өзіндік жүгі бар. Ақын Мейірхан Ақдәулетұлы: «Фаризаның мықтылығы неде? Бұл сауалға жауаптың ең дұрысы – оның өлеңдерін оқу да, былайғы әлеммен салыстыру. Сонда оның қазақ поэзиясында ғана емес, әлем поэзиясында тұлғалық дәрежеге көтерілгенін, онын творчествосының ұлттық мұраға – ұлт, мемлекет мақтан ететін мұраға айналғанын сезінуге болады» [1, 311], - дейді. Ақын ақын туралы әділ баға берген.

Біз бұл мақалада Фариза Оңғарсынованың өлеңдеріндегі дала циклі топтамасынан, Маңғыстау туралы жырларынан мысалдар ала отырып, ақынның туған жер топырағына деген ыстық сезімін, сол қасиетті топырақтың құнарын бойына молынан сіңіріп алған ақынның жырлары да қызу қанды екендігін, өлеңдеріндегі құбылту түрлерін, ұлттық бейнелерді зерделеуді мақсат еттік.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты талдау барысында талдау, жүйелі-сипаттамалық, баяндау, жинақтау, салыстыру әдістері қолданылды.

Талқылау

Фариза ақын өлеңдерінің тақырыбы әр түрлі. Әр түрлі образды, бейнелі поэзиясы оқырманын бірден баурап алады. Көп бейнелердің ішінде Дала бейнесі ерекше көрінеді. Әрине, ұлы Абайдан бастау алатын Даланы жырлау дәстүрі қазақ поэзиясында кең етек алды. Туған ел мен жерін, даласын жырламаған ақын кемде кем.

Ақынның көл-көсір сезімі дала цикліндегі өлеңдерінен танылады.

Мен даланың қызы едім,
Жазығында жатпайтын көз ілер қара,
Жазира менің жанымның өзі де дала,
Асқар көрмеген мен шіркін биік дегенді
Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана [2, 22].

Ақынның шығармашылығын зерделей оқып, поэзиясынан ешкімге ұқсамайтын күрделі болмысын көріп, жоғары бағалаған белгілі ғалым Р.Нұрғали Ф.Оңғарсынованың дала туралы өлеңінде «қаламгердің шыққан, өскен ортасын дәл көрсететін поэтикалық деталь, әдемі образды сурет жатыр» [3, 226], - деп сипаттайды.

Дарқан дала. Көлбеңдеп сағым қырдан,
Жанарында от ойнап жалын нұрдан,
Перзенттері жүреді дала десе,
Еткісі кеп бойдағы барын құрбан.
Әйтеуір, бір мінез бар бұл далада
Алды-артыңды ойлатпай табындырған [2, 28].

Фариза ақынның Далаға деген ғашықтығы туған жерге деген сүйіспеншілігі, таусылмас сағынышы екені белгілі. Дала – қазақтың жаны. Бұл жердегі дала образы да қазақ образы деуге болады. Қазақтың поэтикалық образы – Дала. Қазақ поэзиясындағы мәңгілік тақырыптардың бірі – Дала. Сол мәңгілік тақырыпты бейнелеген Ф.Оңғарсынова поэзиясы да мәңгілік.

Сағынып жеткен шағында
Жаз жайлау – атамекенге,
Дала боп дархан жаның да
Жадырап қалады екен де.
Самал боп сені тербеткен
Көңілдер деген пәк қандай!
Сырларды түйген сен көптен
Тұра да алмайсың ақтармай... [2, 18].
Дала самалы өмір ағынының бейнесіндей суреттеледі.
Жұмақ-ау мына дала шын,
Көңілдің бұлты ашылды.
Жаңартып содан аласың
Ой қажап біткен басыңды... [2, 18].

Даланы жұмаққа балаған ақын дала көңілін тазартатынын, жаны мен даланы үндестіре, жымдастыра бейнелеп көрсетеді. «Қалай болған күнде де біз суреткерден объективтілікті талап етуіміз керек. Бейнелеу – суреткер шабытының жемісі. Ол субъект ретінде затпен (құбылыспен) түбегейлі жымдасып ішкі әлеміндегі құбылыстармен өз қиялын үндестіріп, көркемдік тұрғыда жүзеге асырады», [4, 302] - деген Гегель пікірін айта кеткеніміз жөн. Гегель өзінің әйгілі «Эстетика» еңбегінде стиль мен даралықты, мәнерді бір ұғым деңгейінде қарайды.

Фариза өлеңдерінде даралық та, өзіне тән стиль де, мәнер де бар. Бұл ерекшелік көбіне ақынның Даламен сырласқан өлеңдерінде, монологтарында көрінеді. Ақын жаны Далаға ғашық. Далаға бас иеді. Даланың тылсым күші ақынға шабыт бергендей. Дала кеңістігі ақынның жан

сарайын аша түседі.

Далам менің,
Жаутаңдап өзің жаққа,
Сағынышымды өлең қып жиі арнайтынмын,
Кеңдігіңді аңсап, сәнді үйге сыя алмайтынмын.
Көкжиегіңе көз жетпей үйренгесін-ау –
Сенің ылғи алысты қиялдайтыным... [2, 25].

Таңданатынмын: жердегі жұрттың бәріне
Бермейді екен деп неге осы дала кеңдігін [2, 25].

...саған асығып барамын тағы:

Қияларға шырқар қиялмен тәкаббар басып,
Тұла бойымда тулаған даланың қаны [2, 25].

Дала образы арқылы ақын туған елін, туған халқы мен оның мінез-құлқын сипаттайды:

Жігіттерін көрсең-ау –
Арғымақ ат астында алшаңдаған,
Тәуекелдің алдына жан салмаған.
Адал ниет жандардың намысы үшін
Бұйым емес от-жалын салсаң да оған... [2, 28].

Даланы жырлай отырып, сол даланың тыныс-тіршілігі адамдар туралы ой толғайды.

Туған ауылды қызыл сөзбен сипаттаған бірде бір құр сөз таппайсыз.

...бір сенімін ақтасаң,

Ғұмыр бойы

Балап өтеді айнымас досқа сені [2, 28].

Даланы шабыттана жырлай отырып, өзі де сол даланың үні, жаңғырығы екенін білдіреді.

Фариза Оңғарсынова Маңғыстауды ерекше жақсы көрді. Оның әр тасы, әр құбылысы ақын поэзиясына арқау болды. Ақын өзін «Маңғыстауда патшадай сезінді». Ақын маңғыстаулықтарға: «Ауылдағы әрбір кездесу мен үшін белгілі бір дәрежеде қиын. Бірақ, сіздердің ықыластарыңыз, ақ пейіл жүрек жарды тілектеріңіз менің ол салмағымды жеңілдетіп, қанаттандырып жібергендей», - дейтін еді. Фариза ақын әрдайым өзін «Мен маңғыстаулықпын» дейтін. Атыраудың алыс бір ауылында дүниеге келсе де, Маңғыстау атамекенін сағынып жүретін, сағынып келетін.

«Маңғыстауда патшадай сезінемін» өлеңінде ақынның шын болмысын көреміз. Расында да Фариза ақын Маңғыстауға, әулиелерге, әр тасына, адамдарына басын иіп өтті.

Маңғыстауда кімім бар осы менің?

Алады онда біздерді есіне кім?

Қуаттансам деп едім топырағынан –
шығар ма екен алдымнан тосып елім?

Оғыландыны түсімде көрем кейде,
сонда қайғы-мұңымды өшіремін.

Пір бабамыз дем беріп жатыр-ау деп,
ақбоз атқа мінгендей көсілемін.

Астанаға келетін інілерім

сәлем бермей кетсе де, кешіремін... [5, 48], -

деп жыр төгетін ақын киелі мекенге келген сайын Ф.Оңғарсынова ерекше шабыттанатын. Жаңаша жырлар жазатын. Дем беретін Пір Бекет Ата, Оғыланды, Тамшалы сияқты жерлерден бөлек, адамдары да ақынды ерекше сағынып күтетін. Ақынның да ілтипаты ерекше.

«Адайкөк» жоқ бір кезде құлан алған,
 бұл аймақты қаншама сынады арман...
 Жастық деген жайлауды жұртқа тастап,
 «Мерседеспен» заулайды мына жалған.
 Сонау салқам жігіттер шал болған ба –
 тісі сары, бастары – шың ағарған.
 Мен бекерге күйінем,
 Маңқыстауда
 өр рухтан өшпейтін мұра қалған... [5, 48].
 Өлең екпіндей төгіліп, ақынның жан сарайы ашыла түседі.
 Маңқыстауда туғам жоқ, мұным мәлім,
 сезем бірақ қуаныш, мұңын – бәрін.
 Тартады да тұрады бір күш мені осы жаққа.
 Неге екенін ұғынбадым.
 Келмей жүрсем бұл жаққа төзім жылап,
 жүрегім де сүйрейді көзін бұлап.
 Маңқыстауда патшадай сезінемін,
 неге екенін білмеймін өзім бірақ [5, 54].
 Ақынды осы қасиетті топырақ тартып тұратын.
 «Маңқыстауда патшадай сезінемін...»

Осы бір тармаққа Фариза ақынның бар болмысы сыйып тұр. Қасиетті жер туралы басқа сөздің қажеті де жоқ сияқты көрінеді. Ары қарай өлеңді талдау да артық сияқты көрінеді.

Маңғыстаудың қара шаңырағы – Форт-Шевченко (халық аузындағы аты – Ақкетік) қаласында тұратын қоғам қайраткері, ұзақ жылдар Түпқараған ауданының әкімшілігінде қызмет еткен осы аудан басшыларының бірі, депутат болған Айкүміс Досанова апаймен етене араласты. Айкүміс апайды ерекше жақсы көрді. Айкүміс Досанова – өнерге бір табан жақын адам. Жаны ақын, өзі композитор апамызға Ф.Оңғарсынова «Айкүміс, сен ән шығарып жүрсің ғой, Ақкетікке таққан тұмарым болсын» деп, «Ақкетік» өлеңін жазып кеткен. А.Досанова жазған сазы да сөзімен кермет үйлесім тапқан.

Теңіз сүйген ақ балтырын
 Қандай әсем мына қала!
 Жағалаудың мақпал түнін
 Сүймей адам тұра ала ма! [6, 4].

Осындай кейіптеуден басталған өлеңнен әсем қала көз алдыға келеді. Ақ балтыры жалтыраған сұлу қыз көз алдыға елестейді. «Ақ балтырын теңіз сүйген» деген жолға қаланың әсемдігі мен сұлулығы сыйып-ақ тұр.

Өлеңнің қайырмасында:
 Маңғыстауға барасың ба?
 Ақкетікті сұрап қара:
 Хазар теңіз жағасында,
 Бар осындай,
 Дәл осындай,
 Бар осындай,
 Дәл осындай
 Жұмақ қала [6, 4], -

деп ақын қарапайым сөздерді ойната отырып, қаланың қадір-қасиетін жеткізген. Ақкетікті жұмақ қалаға балауы да ақынның қасиетті жерге деген құрметі, шын көңілімен бас июін көрсетеді.

Қыз жүгіндей нұр қаланы
Тербеп жұпар таң самалы.
Қонақ келсе, мұнда бәрі
Туғанындай қарсы алады [6, 4].

Адам жанын тербететін жұпар таң самалы ескен қаланың тазалығы мен жинақылығын қыз жүгіне теңесе, қала тұрғындарының қонақжайлылығын да тебірене жырға қосады.

Ақкетіктің халқы қандай
өнер десе тік тұратын
елдік дәстүр-салты қалмай
ойлайды тек ұлт мұратын [6, 4].

Міне, бұл жолдарда ақын қала халқының дархандығын, қонақжайлығын, ұлттық өнер, салтымызды сыйлайтын ел екендігін шынайы бейнелеген. Ақкетік халқының өнерді аса бағалайтынын, ұлт мұраты жолында аянбай еңбек ететіндігін жырына арқау еткен. Қазір танымал болған бұл әнді Маңғыстау облыстық байқаулардың жеңімпазы, әнші Алтын Сағындықова нақышына келтіре орындап жүр.

Бұл өлкедегі әрбір жаңалықтар мен алға жетелер өзгерістер ақын қаламынан тысқары қалған емес. Бұрын таратылған Маңғышлақ облысы Маңғыстау болып қайта құрылуына арнап жазған «Шашу» атты шығармасын тебіренбей оқу мүмкін емес:

Айналайын Маңғыстау!
Мінезің маңғаз, жаның ақ.
Киелі қара шаңырақ
көтерілгенде көк тіреп,
«Сүйінші» деген хабарды
бірінен бірі қағып ап,
Жатырсың ба екен жадырап ?!
үш жүз алпыс әруақ!.. [2, 162].

Осы жолдарды оқып отырып, Махамбет ақынның толғауларындағы екпін ойға оралады. Ақынның сөздерді ойнатуы таңғажайып. Ағыл-тегіл төгілген түйдек-түйдек маржан сөздер оқырманын алға жетелей жөнеледі. Оқушысы дәл мұндай өлеңдерден өр рух алары сөзсіз.

Құлама құзы – тайғанақ,
тәубаға келдім – қарап ем,
қатерін төгіп тұрғандай маған бар әлем.
Қастерлі тауда қасиет бардай жарылқар
шықпай жүргенді жаны әрең.
Келесің мұнда сырласу үшін сақтанбай
өзіңмен, армен, даламен.
Түн құшып жатыр бұл маң да...
Жарқ етер екен таң қашан?
Сенімсіз түнде үмітімді немен жалғасам?
Ал, менің әлі сапарым қанша алдымда,
күш құяр жанға жолымда сәуле – бар ма шам?
Әлі де біраз жолым болмайтын секілді-ау,
Оғыланды тауда бір түнеп қуат алмасам [2, 175].

Табиғатқа құрметпен қарап, кие тұтқан бабалар сенімі ондағы әрбір нысанды тірі рух түрінде бағаласа, Фарица осы бастауға назар аудара отырып, Құлама құзын тайғанақ етіп бейнелейді. Осы Оғыланды тауынан бір түнеп қуат алудың қандай бақыт екенін осы өлеңді оқи отырып, көз жеткізесіз.

«Әдебиетші болмағандығымнан ақиық ақынымыздың творчествосына терең бойлай

алмайтыным ақиқат. Солай бола тұрса да Фариза шығармаларын белгілі дәрежеде оқығаным бар. Осы кезде аңғарғаным: Фариза өз шығармаларында бұрынғы өткен сөз дәлелдері, әруақты аталарына ұқсап ерлікті, елдікті, әділеттілікті жыр етеді. Бұл жолда «тура биде туған жоқ» дегендей, қайсыбіреулердің көңілінен шықпай қалармын деп қаймықпай, қандай ащы да болса шындықты, әділеттілікті алға тартып, пасықтыққа қайсарлықты, кісілік намысты қарсы қояды, азаматтықты қадірлейді» [7, 85], - деген еді абыз ақсақал Дүйсембі Әріпұлы бір интервьюінде (Тұщықұдық ауылы, 19.04.2011 ж.).

Ұлттық образдармен көркемдеу қазақ әдебиетінде, оның ішінде поэзияда ежелден бар. Бақташылықпен айналысқан халқымызда төрт түлік образдары молынан ұшырасады. Ұлттық бейнелердің Ф.Оңғарсынова поэзиясында болуы да заңды. Бірақ ақын образды ешкімге еліктемей өз тәсілімен шебер қолданады. Мәселен, жылқы түлігін образға айналдырмаған қазақ ақыны кемде кем. Ал Фаризада ол адам жанымен, сезімімен астасып жатады.

Дүниенің бәрі біз екеуміздің жанымыздай
мөлдір болсын деп,
Арманның ақ боз арғымағын
айға байлалық... [8, 202].

Көңілім көселеді біреу маған,
Тобылғы торы арғымақ мінгізгендей [8, 110].

Сенетінім – құс қанат арғымағым,
Сонсоң алау жалыным жүректегі [2, 30].

Арман деген елесті қуып келем,
Алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен [2, 30].

Шідерлеулі көңілді зулат, жырым,
Баяғының құс қанат тұлпарындай [2, 45].

Арманның ақ боз арғымағы, тобылғы торы арғымақ, құс қанат арғымақ, алып-ұшқан жастықтың тұлпары, баяғының құс қанат тұлпары сияқты ақынның құбылтулары өлеңдерінің эстетикалық мәнін тереңдетіп тұр. Құбылтудың түрлерін шебер қолданған ақын оқырманына мол әсер сыйлайды. «Тілімізде құбылту үш мәселені қамтиды. Бірінші, танымдық; екінші даралау; үшінші субъективті бағалау. Осы ерекшеліктер суреткер үшін дара, эстетикалық, көркемделген бейне жасаудағы құбылтудың маңыздылығын арттыра түседі» [9, 204], - деп Л.И. Тимофеев тұжырым жасайды. Фариза поэзиясын оқи отырып, ақындық шеберлік пен даралықты Л.И. Тимофеев тұжырымына сүйеніп, бағалауға болады.

Нәтижелер

Ақын Ф.Оңғарсынова лирикалық кейіпкер мен көркем бейнелерді әдеби тұлғалауда ұлттық таным мен халықтық ұғымдарға терең мән береді. Ақын жаңаша көркемдік амалдар мен тәсілдерге жүгінді, тың ізденістер нәтижесінде қалыбы мен мазмұны ерекше, тылсым сырлы лирикалық персонаждар мен көркем бейнелердің галереясын жасады. Ф.Оңғарсынованың Маңғыстау тақырыбында жазған өлеңдерінде ерекше рух бар.

Ақын жаны бала сияқты бір жақты аңсап тұрады. Кейде өзі де түсінбейді. Ал оның жалғыз емі Дала екенін Фариза ақын поэзиясын оқыған адам терең түсінеді. Ақын жаны өте

нәзік. Сол нәзіктікпен жанын даламен тұтастырып жібереді. Дала болып жырлайды, дала болып күңіренеді, дала болып қуанады.

Қазақ поэзиясында жылқы түлігінің ең асыл тұқымды түріне ақын көңілін балаудың жаңаша түрін Фарица ақыннан көреміз:

Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
Қуат сорып, ұшқын ап іштегі үннен.
Табанымнан тілінген шөңге жұлып,
Сәйгүлік күшке мінем [2, 145].

Сәйгүлік-күш – Ф.Оңғарсынова баламасы. Көңілдің кейбір кездерін жылқы түлігіне балаудың сәтті үлгілерін ақын поэзиясынан мол ұшырастырамыз. Арғымақ, тұлпар образдары жай балана салмайды. Ерекше рухпен жырланады. Оқырманды да желпіндіріп, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

...Сонысымен тәтті де өмір деген,
тұралаған өмірді өмір демен.
Құлазисың, құлайсың, тағы тұрып,
Тағы ілгері желеді көңіл-дөнен [2, 89].

Міне, жоғарыда талқыланған мысалдардан байқағанымыздай көңіл күй бірде сәйгүлікке, бірде дөненге баланып тұр. Осындай адамды құлшындыратын бейнелер ақынның ұшқыр қиялынан туындаған.

Ақын жаны күрделі. Осынау күрделілікті мына өлең жолдарынан да аңғаруға болады:
Меңде бір толғаныс бар,
(Кейде өзім де түсінбеймін),
Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген,
Бәйге алаңы сияқты дүсірлеймін [2, 31].

Бәйге алаңын көз алдыңызға елестетіңізші. Тынымсыз тірлік, құлағыңызға аттардың дүсірлеген тұяқтарының дыбысы келеді. Міне, ақын өз басындағы түрлі көңіл күйлерін сонау қырдағы тұяқ тіліп дүсірлеген бәйге алаңына теңейді.

Жыл сайын, ауыл, сендегі,
Қымбаттарыма оралам.
Сақталған көңіл-теңдегі,
Сырды ақтаруға оралам... [2, 23].

Тең – ұлттық мұра. Бұрынғы ата-бабаларымыз көшіп-қонып жүргенде жүктерін буып-түйіп, көлікке артқан теңдерін екінші бір жерге көшіп келгенше шепей, шашауын шығармай әкелген. Бұл жердегі ақынның көңіл-теңіндегі сыр – ақынның жан-дүниесі.

Көп ойды көңілімде құлындатып,
Қан қалғып жүрегімде мұным қатып [5, 141].

Ақын көңіліндегі ойлардың құлындауы қандай әсерлі де әдемі образ! Ұлтымыздың өмір тіршілігінен туындаған мұндай ұлттық бейнелер ақынның шеберлігін танытады.

Жайлау бейнесі де – кең қолданыстағы бейне. Жайлау концептісі – мәдени құндылығымызды көрсететін концептілердің бірі. Жайлау концептісі арқылы ақын кеңдікті, дархан көңілді көрсеткісі келген.

Айыпты өзің. Осылай құлазытып.
Сонсын қайта көңілді толтырасың.
Менің көңіл – көгімнің жайлауысың,
Сұрасаң жұрт тек саған жол сұрасын [5, 71].

Тағы бір мысалдарда:
Жылап жатам, төсектен тұрам жылап,

Жеңілдік жоқ жаныма мұнан бірақ,
Ақыл-шыңға әл бермей, жайлау-жанға,
Шапқылайды құлдырап құмар-бұлақ.

Ал жайлауым көрсетіп қарасын жай,
Жеткізбейді қазақтың даласындай.
Көңіл-құнан қаншама құйғытқанмен,
Болмас шыдам-жарауды таң асырмай [5, 141].

Ақынның жайлау бейнесінен көп сырға қанық болдық. Ұлттық бейнелерді түрлендіре қолдана алған Ф.Оңғарсынова қазақ поэзиясындағы жарқын бір құбылыс болды.

Ақынның даланың келбетін тебірене жырлауы – нағыз ақын адамға тән қасиет. Көптеген өлеңдерінде ақынның аңсары – қыр.

Қырға кеткім келіп тұр бүгін менің,
Жүрек – әлсіз, жүйке – қыл, түрімде – мұң.
Бір емдесе емдейді жанымды тек
Саумал сүттің иісі бар іңірлерім.
Сонда ғана дертіме дауа тауып,
Ашылардай сарайым – үнім, демім. [8, 97].

Ақын жүрегінің әлсіздігіне, жүйкесінің жұқаруына, мұңына бірден бір ем – қыр даласы. Ақын оны «Саумал сүттің иісі бар іңірлерім» деп бейнелейді. Ауруға ем, сауға қуат болар саумал сүт ақын поэзиясында ерекше мәнге ие. Дертіне дауа іздеген ақын саумал сүттің иісін аңсайды.

Іңір туралы өлеңдер көп ақындарда бар. Поэзия алыптары Мағжан, Мұқағали, Фариза, Есенғали, Светқалилар жырлаған іңір бөлек.

Жайлау еді.
Жайлы бір іңір еді,
Жұлдыз тамып кетердей кідіреді... (Мұқағали)

Мұқағали ақын жырлаған іңір – адам жанына жайлылық сыйлайтын тамаша бір көрініс. Есенғали ақында да ерекше мәнге ие. Әдебиет зерттеушісі, ақын Ж.Әскербек Е.Раушановтың іңір туралы өлеңін: «Ақын іңір мезгілін бейнелеуге арналған өлеңдерінде кейіптеу тәсіліне көбірек жүгінеді. Іңір мезгілін арқау еткен үш өлеңіндегі көркемдік пен ақындық тіл іңір суретін көз алдымызға шынайы, жанды көрінісімен елестетеді. Ақын қаламына тән өзгеше өрнекті әрбір өлеңнен анық аңғара аламыз» [10, 26], - деп бағалайды.

Фариза ақынның іңірлері жай іңір емес, Саумал сүттің иісі аңқыған іңірлер. Ұлттық поэзиямызда дәл мұндай көркем сурет некен-саяқ. Ұлтымыздың мәдени құндылығын көрсетіп тұрған Дала, Қыр концептілері дархан көңілімізді объективтендіріп тұр.

Бір емдесе емдейді жанымды тек
Саумал сүттің иісі бар іңірлерім [2, 115].

Лингвомәдени бірлік – «Саумал сүттің иісі бар іңірлер». Эмоционалды концепті – ақынның жанына дауа іздеуі және сол дауаны «Саумал сүттің иісі бар іңірлі» даладан табуы. Міне, бір ғана тармақта қаншама құдірет жатыр. Ақын жанының дауасы Дала екендігі тағы да дәлелдене түскендей.

Ақын қандай кезде де Даламен сырласып, Даламен мұңдасып, сыр бөліседі. Ішкі монологпен сөйлеген ақын:

Қырға барсам арылып мың күнәдан,
Сағыныштың шақтарын іркіп алам –
Жермен бірге мәңгілік қалатындай
Қаным таза, тілім мен жұртым аман.
Сарайымды ашшы бір, іңірлерім

Тезек исі, жылқы исі бұрқыраған [5, 119], -

деп ой түйеді. Бұл жердегі іңірлерден «тезек пен жылқы иісі бұрқырап» тұр. Міне, ауылдың иісі. Тезек иісі аңқыған ауыл іңірі көз алдыға келе қалады. Шұбырған пейзаж жоқ. Ақын жасырын психологизм арқылы ауылды жырлаған. Өлең шумақтарымен дала дидарын сезіндірген ақынды нағыз суретші деп бағалаймыз.

Қорытынды

Фарица Оңғарсынова – дәстүрлі поэзиямызды тың түрлерімен жалғастырған ақын. Туған ел, туған жер табиғаты, кең даланың көріністері мен тыныс-тіршіліктері ақын өлеңдеріне арқау болады. Табиғат лирикасы мен көңіл күй лирикасы қатар өріліп жатқан тұстары мол. Туған жер, даланы, дәстүрді жырлай отырып, ақын ұлттық поэзияны тың образдармен дамытты.

«Туған жердің топырағы», «Ақтау түні», «Дала дауысы», «Дала түні», «Жайлау таңы», «Жайлауға келгенде», «Оңдының оты», «Қыран жандар», «Толғау», «Киіз үй» және тағы да басқа осы сарындас өлеңдерінде дала көріністері жан-жақты ашылды. Аспан мен жер сырласып тұрғандай болады. Табиғат құбылысының бәріне жан бітіп, адаммен тілдесіп тұрғандай сезіндірді. Ақын табиғатқа осылайша жан бітіреді. Табиғаттың әрбір көрініс ақынның шебер бейнелеуімен адам жанымен астасып жатады. Фарица ақынның даласы оқырманына асқақ рух сыйлайды. Маңғыстау – Фарица ақынның айшықты тақырыбы, ақын поэзиясының ажырамас бір бөлшегі. Маңғыстауды, Даланы жырлау арқылы, ұлттық бейнелерді ұтымды қолдану арқылы ақынның әсемдік әлемі ашылды.

Қорыта айтқанда, Фарица Оңғарсынова қазақ поэзиясына М.Мақатаев, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Хәкімжанова сияқты алдыңғы буын әкелген жаңалықты жаңаша қырлармен байыта түскендігін ерекше атаймыз. Ақын көзі тірісінде-ақ аңыз адамға айналып, өзінің дара қолтаңбасын қалыптастырды. Дербес көркемдік әлемін құрды. Фарица әлемі ұлттық қазынамыз екені де даусыз. Сол ұлттық қазынаны игеру, ақынның терең поэзиясына бойлау арқылы біз жан сарайымызды ашып, ақын поэзиясынан сүйеніш тауып жатамыз. Фарица ақын өзінің дара қолтаңбасымен ұлттық поэзиямызға өшпес із қалдырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақдәулетұлы М. «Дауыл күнгі дарияның күшіндей бір...». // Кітапта: Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.9. Өлеңдер, мақалалар. Астана, 2004. – 336 б. – 307-316-бб.
2. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.3. Өлеңдер, дастандар. Астана, 2004. – 328 б.
3. Нұрғалиев Р. Мінезді жырлар. // Кітапта: Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.9. Өлеңдер, мақалалар. Астана, 2004. – 336 б. – 225-233-бб.
4. Гегель В. Ф. Эстетика. - Москва, 1968, 4-х томах. Т.1. – 676 с.
5. Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы / Оңғарсынова Фарица. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. Т. VI. – 320 б.
6. Оңғарсынова Ф. Ақкетікке арнау. Өлең. Форт-Шевченко: «Ақкетік арайы» газеті, № 85. – 2016, 15 қараша, 4-б.
7. Әріпов Д. Күнделіктер сөйлейді. - Алматы: Қазығұрт, 2012. – 639 б.
8. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. Т.1. Өлеңдер, дастандар. Астана, 2004. – 324 б.
9. Тимофеев Л. Основы теории литературы. - Москва, 1963. – 440 с.
10. Әскербекқызы Ж. Даңғыл. – Алматы: Арыс, 2007. – 192 б.

N.S. Kamarova

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

Artistic individuality of Fariza Ongarsynova

Abstract. The article analyzes poetry of Fariza Ongarsynova, who became a maitre of Kazakh poetry. Fariza's poems introduce us with a national idea and national thinking of Kazakh people. Fariza Ongarsynova's poetry considers poems written on the theme of Mangistau region and praising the harmony of a man and nature to promote the national idea of Kazakh people. The article considers poems dedicated to the topic of Dala, Kyr, etc. The article contents an objective assessment of the poetry. It reveals an use of landscapes, steppe images in the poet's work. One of the ways of expressing her poetic nature is through exploring the poet's distinctive personality.

Thanks to the study of the characteristic poetic feature of Fariza Ongarsynova, it is possible to define her poetic mastery. The article focuses on artistic individuality, ideological and thematic themes of poetry, contribution to the national artistic tradition, a place and figurative character in modern Kazakh poetry.

Keywords: Fariza Ongarsynova, poetry, lyrics, types of trope, image, national idea, national image.

Н. С. Камарова

Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

Художественная индивидуальность Фаризы Онгарсыновой

Аннотация. В статье с научной точки зрения анализируется поэтический мир Фаризы Онгарсыновой, признанного мэтра казахской поэзии. В стихах Фаризы речь идет о национальной идее, о национальном мышлении. С целью раскрытия национальной идеи поэта рассматриваются произведения о Мангистау, в том числе воспевающие гармонию человека и природы, степной край, и на другие темы. Дается объективная оценка произведений поэтессы, рассматриваются пейзажи, степные образы в ее творчестве. Интерпретация уникального стиля поэта – один из способов анализа его творческой натуры.

Благодаря изучению характерной поэтической манеры Фаризы Онгарсыновой распознается ее поэтическое мастерство. Изучены художественная индивидуальность поэтессы, идейно-тематическая тематика ее стихотворений, ее вклад в национальную художественную традицию, определено место, которое она занимает в современной казахской поэзии.

Ключевые слова: Фариза Онгарсынова, поэзия, лирика, виды тропов, образ, национальная идея, национальный образ.

References

1. Akdauletyly M. «Dauyl kyngi dariyanyn kyshindej bir...». [“Like the strength of the sea on the day of a storm”] // Kitapta: Ongarsynova F. On tomdyk shygarmalar zhinagy. [Collected works in ten volumes] T.9. Olender, makalalar. Astana, 2004. – 336 b. – 307-316-bb. [In Kazakh]
2. Ongarsynova F. On tomdyk shygarmalar zhinagy. [Collected works in ten volumes] T.3. Olender, dastandar. Astana, 2004. – 328 b. [In Kazakh]
3. Nyrgaliev R. Minezdi zhyrlar. [Characteristic poems] // Kitapta: Ongarsynova F. On tomdyk shygarmalar zhinagy. [Collected works in ten volumes] T.9. Olender, makalalar. Astana, 2004. – 336 b. –

225-233-bb. [In Kazakh]

4. Gegel' V. F. Estetika. [Aesthetics] – Moskva, 1968, 4-h tomah. T.1. – 676 s. [in Russian]
5. Ongarsynova F. Tolyk shygarmalar zhinagy [The complete collection of works]/ Ongarsynova Fariza. – Almaty: Sardar, 2015. T. VI. – 320 b. [In Kazakh]
6. Ongarsynova F. Akketikke arnau. Olen. [Initiation into Akketik. The poem] Fort-Shevchenko: «Akketik arajy» gazetі, № 85. - 2016, 15 november. – 4- b.
7. Aripov D. Kyndelikter sojlejdi. [The diaries say] – Almaty: Kazygyrt, 2012 . – 639 b. [In Kazakh]
8. Ongarsynova F. On tomdyk shygarmalar zhinagy. [Collected works in ten volumes] T.1. Olender, dastandar. Astana, 2004. – 324 b. [In Kazakh]
9. Timofeev L. Osnovy teorii literatury. [Fundamentals of theory and literature] - Moskva, 1963. – 440 s. [in Russian]
10. Askerbekkyzy ZH. Dangyl. [Avenue] Almaty: Arys, 2007. – 192 b. [In Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Қамарова Назбду Сұлтансикқызы - филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Kamarova Nagbdu Sultansikhkyzy - candidate of philological sciences, professor Yessenov University, Aktau, Kazakhstan